

Кімге: Туризм және спорт министрі Мырзабосынов Ербол Қуантайұлына

Автордың аты-жөні және лауазымы: Бекбосынов Бахыт Асенғазыұлы

Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқарма басшысының орынбасары

Датасы: 9.10.2024ж

Тақырыбы: Қазақстандағы спорт саласының заңнамалық құжаттарына өзгеріс енгізу өзектілігі.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Елміздегі спорт саласының хәл ахуалы мамандар мен жанкүйерлердің арасында аландатушылық туғызуда. Халықаралық комплекстық спорттық іс-шаралардың нәтижелерін ескеретін болсақ, еліміздегі спорт саласының бәсекелестік әлеуеті төмендегенін анық аңғаруға болады. 2023 жылғы ҚХР Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарының нәтижесінде медаль санағының көрсеткіші бойынша 11 орында, ал 2020 жылы Токио олимпиадасында тіптен 83 орын, 2024 жылы Франциядағы Париж олимпиадасының нәтижесі 41 орын иеленді. Халықаралық комплекстық жарыстардың медальдік санақ көрсеткіштерінің медальдың саны емес, сапасы маңызды екенін аңғаруға болады [1].

Аталған комплекстық жарыстардың қорытындысы бойынша, еліміздегі спорт саласы тұтастай үлкен сынға алынғанын білеміз, тіпті Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен барлық аймақтар мен орталық басқару органдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен тексерілді. [2]

Аналитикалық жазбаны дайындау барысында Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының жинақтаған облыстағы КММ-дің нақты көрсеткіштері ескерілді.

Спорт саласының құлдырай түсуіне себеп, тек қана жемқорлық деп есептесек қате болатыны сөзсіз. Аталған мәселенің толық себептерін анықтап, мәселені шешу үшін аналитикалық сараптама жүргізу қажеттілігі айқын. Осы орайда жасалған аналитикалық жұмысты ұсынуға рұқсат етіңіз.

Облыс құрылғалы спортты дамыту концепциясына сәйкес 10 КММ ашылды, спорттық мекемелердің толық кластері қалыптасаты. Дегенмен жергілікті атқарушы органдар нәтижелі және жүйелі жұмыс атқару үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу қажет.

Елімізде бекітілген заңнама аясында бапкерлердің санаттарын, кәсіби біліктілік деңгейін арттыруын ынталандыру заңнамасын қайта қарастыру қажет. Мәселен ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін қосымша ақы тиісті диплом болғанда белгіленеді. Педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес білім беру ұйымдарының басшылары және олардың орынбасарлары

(директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасарынан басқа), педагог лауазымдарына жатады. Демек спорт мектептерінде магистр және PhD докторы дәрежесі бар еңбек істейтін жаттықтырушыларға үстем ақы қарастырылмаған [3].

Ауылдық елді мекендегі балалар және жас өспірімдер спорт мектептерінің спорт түрлері бойынша маман тапшылығы білінуде. Бұған себеп сала аралық бәсекелестік және бапкерлердің орта мектеп ұстаздарына қарағанда жалақысы әлде қайда төмен.

Бапкер спортшыны жеңіске жетелейтін бірден бір себепкер екенін ескерсек, еліміз үшін бапкерлеріміздің халық аралық ареналарда бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ету өте маңызды екені айқын.

Олимпиадалық спорт түрлері мен олимпиадалық емес спорт түрлері арасындағы бапкерлік құрам жалақысы айырмашылығы да соңғы жылдарда бірнеше есе өскен. Мәселе халық аралық додаларда көптеген мемлекеттер олимпиадалық спорт түрлеріне көңіл бөлген, демек бәсекелестік әлде қайда жоғары. Ал олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша қатысушы мемлекеттер саны әлде қайда төмен. [4]

Сурдоолимпиадалық және Паралимпиадалық ойындарда нәтижелі өнер көрсету үшін аталған спортшыларды еріп жүрушілер мен қамтамасыз ету қажет.

Қолданыстағы заңнамаға мүмкіндігі шектеулі және көру қабілеті төмен 1-топтағы спортшылар үшін еріп жүрушілер шығындарын мемлекеттік қаражат есебінен төлеу мүмкіндігін қарастыру керек.

Елімізде спорттық инфро құрылым мәселесі әліде өзекті. Бұл тек шағын ауылдарда ғана емес, сонымен қатар ірі қалаларда да жиі кездеседі. 2019 жылы елімізде ауыл ел бесігі жобасы аясында ауылдық елді мекендерде 13 дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Бұл ретте Үкімет басшысы Қаржы министрлігіне Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, «Ауыл – Ел бесігі» жобасын қаржыландыруды 2020-2026 жылдары 900 млрд теңгеге дейін ұлғайту бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды. [5]

Спорттық нысандарды салу және тиімді пайдаланылуы үлкен сұрақ, мысалы 2023 жылы Абай облысының Қайнар елді мекенінде спорт комплекс пайдалануға берілді. 1 ауысыммен оқитын 1415 адам тұрғыны бар, 177 оқушысы бар елді мекенде спорт комплекс салу қаншалықты тиімді? Салынған қаражаттан тыс бұл нысанды қамтамасыз ету үшін мемлекет қаражатының шығыны ақталама?

Қорытынды бөлім: Талдау нәтижесін ескере отырып жоғарыда көрсетілген мәселелердің өзекті екенін аңғаруға болады. Абай облысындағы спорт мектептерінің бапкерлік құрамның санаттық көрсеткіштері төмендеп кеткен. Облыста 744 бапкер жұмыс жасаса 269 бапкердің санаты бар ол тек 60 % ын құрайды, ал Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушылар саны 41. Демек

бапкерлер өздерінің кәсіби біліктілігін арттыруға ынталанбаған (Қосымша 1).

Жақын болашақта спортшылығымыздың жоғары нәтижелі өнер көрсетуі қыруар қаражат бөлу мәселесі емес, білікті бапкердің мәселесі. Спорт саласындағы бапкерлер мен әдіскер қызметкерлерінің халық аралық аренада бәсекеге қабілетсіз болуының бірден бір себебі заңнамалық құжаттарда материалдық ынталандыру мөлшерінің төмендігі. Қолданыстағы заңнамалық құжаттарға өгеріс еңгізу арқылы бірқатар мәселелер оң шешімін табуы тиіс.

Ұсыныстар: Бапкерлердің санаттарын, кәсіби біліктілік деңгейін арттыруын ынталандыру үшін төменде көрсетілген заңнамаға өзгеріс еңгізу қажет.

"Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне қосымша ақы төлеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 190 Бұйрығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

БЖСМ қызметкерлеріне (қосымша білім беру педагогтеріне) ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін қосымша ақыны қарастыру. "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (27.04.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулар)

Жергілікті атқарушы органдардың пара және сурдлимпиадалық спортшыларын тиісті деңгейде дайындық барысын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 Қаулысына өзгерістер ұсыну.

Пайдаланылған материалдар тізімі:

- [1] <https://olympics.com/ru/paris-2024/medals>
- [2] <https://www.zakon.kz/finansy/6451419-antikor-sravnil-vlivaniya-v-kazakhstanskiy-sport-s-uspekhami-na-mirovoy-arene.html>
- [3] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34205020
- [4] <https://www.inform.kz/ru/nekotorie-treneri-poluchayut-zarplatu-v-10-15-raz-bolshe-trenerov-po-olimpiyskim-vidam-sporta-ministr-turizma-i-sporta-rk-7ad6a0>
- [5] <https://primeminister.kz/news/reviews/auyl-el-besg-jobasy-auyl-tryndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady>
- [6] <https://youtu.be/rJhO6OaiqlM?si=ly5Tdo64YVklfxb>

Абай облысының бапкелік құрам санаты көрсеткіштері

Р/с	Спорт мектебінің атауы	Бапкерлер саны	ҚЕС Ж	Жоғарғы санаты	Жоғарғы дәреж. 1 санаты	Жоғарғы дәреж. 2 санаты	Орта дәреж. 1 санаты	Орта дәреж. 1 санаты	Санаты жоқ
1	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жақсылық Үшкемпіров атындағы Семей қаласы бойынша № 1 облыстық олимпиадалық резерв мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	68	7	13	19	8			28
2	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Семей қаласы бойынша № 2 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв спорт мектебі" КММ	52	3	18	12	15	1	2	4
3	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резервтік спорт мектебі" КММ»	57	1	9	20	14	-	-	14
4	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Олимпиадалық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебі" КММ	30	6	19	11				
5	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық бұқаралық	18	2	9	8		1		

	спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебі" КММ								
6	"Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	24	1	5	9	2	-	-	8
7	«Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының жеңіл атлетикадан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ	14			6	1			7
8	"Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» КММ	36	2	7	3	1	0	0	25
9	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт клубы" КММ	17	2	3	4	2	0	2	6
10	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Курчатов қаласының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	15		2	5				8
11	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Абай ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	42	-	-	11	14	-	-	17
12	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Марат Имашев атындағы	45	1	2	7	9		1	26

	Ақсуат ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ								
13	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Аягөз ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	62	1	4	11	13	-	-	34
14	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бесқарағай ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	23	-		14				9
15	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бородулиха ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	24		1	2	1		3	17
16	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жарма ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	46	1	3	11	2			30
17	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Көкпекті ауданының № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ	23				6			17
18	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Үржар ауданы бойынша мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ	57	5	5	10	10			32
19	Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Олимпиадалық резервті дайындау орталығы" КММ	27	-	13	13	-	1	-	-
20	«Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік	29	5	13	4	3			9

	мекемесінің «Абай облысының олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша спортты дамыту дирекциясы» КММ								
21	«Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының олимпиадалық спорт түрлері бойынша спортты дамыту дирекциясы» КММ	35	4	19	8	3	-	-	5